

**Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды,
ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландыру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 21 қыркүйек 1992 ж. N 780. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.15. N 1034 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының ғылым және мемлекеттік ғылыми- техникалық саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және ғылым мен техниканы қаржыландыру тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттік бюджеттен ғылыми ұйымдарды ұстауға байланысты шығындарды қаржыландыру, ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруға, сондай-ақ компьютерлендіру мен ақпараттандыруға арналған қаржыны бөлуді 1992 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жүзеге асыратын болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі республикадағы ақпараттандыру жөніндегі жұмыстардың басты тапсырыс берушісі болып белгіленіп, оған осы аталған жұмыстарды мақсатты қаржыландыруға 1992 жылға арналған республикалық бюджетте компьютерлендіру мен ақпараттандыру бағдарламасы үшін көзделген орталықтандырылған қаржы бөлінетін болсын.

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Қазақ ССР-ін ақпараттандырудың 1991-1995 жылдарға және 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасы туралы" 1991 жылғы 13 тамыздағы N 474 қаулысының 2 тармағы;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, республикалық және мемлекетаралық ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландыру туралы" 1992 жылғы 25 мамырдағы 459 қаулысы.

***Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі***

